

Тұрақты ресурстарды өндірудегі үздік тәжірибелер: EMINReM жобасы аясында Еуропалық Одақ және Орталық Азия университеттері арасында білім алмасу

Алты елден сегіз университет бірлесіп Erasmus EMINReM жобасы бойынша Тау-кен саласындағы магистратураның оқу бағдарламаларын жаңартуға кірісті. Университеттер жоба серіктестері 25-29 наурыз аралығында TU Bergakademie Freiberg-те семинар өткізді.

Кездесудің мақсаты: Украинадағы, Қазақстандағы және Өзбекстандағы 7 серіктес университеттерге Еуропалық одақтың серіктестерінен "пайдалы қазбаларды экологиялық жолдармен өндіру" тақырыбында оқытудың мазмұны мен нысандары бойынша озық тәжірибемен таныстыру. Атап айтқанда, білім беру бағдарламаларын жаңғырту кезінде бағдарлар ретінде "SINReM" және "Пайдалы қазбаларды өндіру және рекультивациялау кезіндегі тұрақты даму" магистрлік бағдарламалары ұсынылды. SINReM - TU Bergakademie Freiberg (Германия), Ghent University (Бельгия) және Uppsala University (Швеция) үш университеттермен әзірленген және қолданылып жатқан тұрақты және инновациялық түрде табиғи ресурстарды басқару саласындағы магистратура деңгейіндегі халықаралық білім беру бағдарламасы.

Серіктестер университеттері Тау-кен және Маркшейдерлік іс бойынша өздерінің магистрлік оқу бағдарламаларын таныстырды, содан кейін ұсынылған оқу бағдарламаларын жаңғырту жолдары туралы пікір ауысу болды.

Satbayev University-ден талқылауға Маркшейдерлік іс және геодезия кафедрасының қауымдастырылған профессоры Тоқтаров Аян Асқарұлы және металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасының аға оқытушысы Даруеш ғаламат Сұлтанбекұлы қатысты.

Satbayev University оқытушылары 7M07203 – "Mining Engineering", 7M07227 – "Surveying" және 7M07226 – "Mineral processing" оқу бағдарламаларының мазмұны бойынша баяндамалар ұсынды, онда оқылатын пәндер тізбесі, олардың ECTS кредиттері мен академиялық сағаттарының саны егжей-тегжейлі сипатталды. Баяндамадан кейін ұсынылған білім беру бағдарламалары талқыланды және бағдарламаның жетекші еуропалық серіктес жоғары оқу орындарының тәжірибесі бойынша жаңа заманауи пәндерді оқу бағдарламасына енгізу арқылы оларды жаңарту жолдары белгіленді.

Сондай-ақ, семинарға қатысушылар "Тау-кен инженериясы", "Маркшейдерлік іс", "Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту" мамандықтары бойынша кадрлар даярлау кезінде Satbayev University оқу процесінде пайдаланылатын аудиториялармен және зертханалармен, заманауи аспаптармен, жабдықтармен және компьютерлік бағдарламалармен танысты. Еуропалық жоғары оқу орындарының әріптестері Satbayev University "Маркшейдерлік іс және геодезия" кафедрасының техникалық жабдықталуына жоғары баға берді, онда қазіргі заманғы маркшейдерлік және геодезиялық

жабдықтар мен аспаптардың барлық түрлері пайдаланылады, мысалы: жерүсті және жерасты лазерлік сканерлер, ұшқышсыз ұшу аппараттары, ғаламдық навигациялық спутниктік жүйелердің жабдықтары, электрондық тахеометрлер, цифрлық нивелирлер және теодолиттер.

Жұмыс сапарының соңында біздің оқытушылар TU Bergakademie Freiberg тау-кен кафедрасының цифрлық оқыту ортасының зертханаларымен, сондай-ақ жартылай өнеркәсіптік және өнеркәсіптік зертханалық-зерттеу сынақ орталықтарымен танысты, бұл болашақта біздің университеттің зертханаларын жетілдіруде алынған тәжірибені қолдануға мүмкіндік береді.